

танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді. Яғни, салт-дәстүр дегеніміз – халықтың рухани өзегі, мәдениетінің діңгегі, тілінің тірегі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Калиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт – дәстүрлері: Оқу құралы. – А., 1994.

2 Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. – А., 1998.

3 Ұзақбаев С. Тамыры терең тәрбие. – А., 1995.

4 Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – А., 1995.

#### Резюме

*В статье раскрывается воспитательный смысл обычаев и традиций казахского народа.*

#### Conclusion

*In this article is provided for educational meaning of customs and traditions of the Kazakh people.*

### БЕЛГІЛІ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ОЙ – ПІКІРЛЕРІ

Хамзина К.Б., Төлеуова Ә.

*Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы  
Әл-Фараби*

Халық педагогикасынан нәр алған М. Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасының негізгі өзегі – орта ғасырдағы түркі баласының бейнесі – «ұлылыққа ұмтылған», «білімділікті іздеген», «даналықты таңдаған», «біліктіге серік болған», «бабалардың әдеп-ақылдық насихатын ұстанған» ірі тұлға. Өз заманындағы түркі баласының бейнесі туралы Махмұт Қашқари былай дейді: «Ұлы тәңірі: «Менің бір тайпа қосыным бар, оларды «түрік» деп атадым, оларды күншығысқа орналастырдым. Бір ұлысқа ашуланып, назалансам түріктерді соларға қарсы саламын» депті. Бұл жай олардың (түріктердің) басқа жұртқа қарағанда үстем екендігін көрсетеді. Сондықтан да Тәңірдің өзі оларға ат берген, жер жүзінің ең биік, ыңғайлы, ең әуесі таза шұрайлы өлкелеріне орналастырған да, оларды «Өз қосыным» деп санаған. Оның үстіне түріктер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай көп мақтаулы қасиеттерге ие.

«Түрік сөздігінің» мазмұнына терең үңіліп қарайтын болсақ, М. Қашқари қара сөзбен жазып өткен түркі баласы бейнесі жыр бойына өзек болып, рухани бай, биік адамгершілікті тұлғаның сомдалатынын байқаймыз. Ғұлама сипаттаған түркі баласы бейнесі араға он ғасырдай уақыт салып төмендегіше көрініс табады: «Қазақтар ержүрек, еркіндікті сүйетін халық, бірақ өзге де көшпелілер сияқты елгезектеу. Олар достарына ақкөңіл де, қонақжай, жолаушыға қайырымды, алайда жауларына

аяусыз. Оларға – ұлға үлкенді құрметтеу, әкеге әкелік борышты сезіне білу тән».

Махмұд Қашқари еңбегі қазіргі педагогикадағы дені сау, ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу мақсатымен толық үндесіп жатыр. Ғұламаның педагогикалық тұжырымдамасында жеке тұлғаны қалыптастырудағы тәрбиенің жетекші ролі нақты айқындалған: «Ұлықтық болса (тапсаң), сен ізгілік істе, – деген.

Барлық адамдарға белгілі білім, білік, ойлау тәсілдерін, адамгершілік, этикалық, құқықтық ережелерді, яғни бір сөзбен айтқанда, адамзаттың тарихи даму процесінде жасалынған рухани мұра екендігі мәлім.

Жеке тұлғаны қалыптастыру олардың бойында ізгі адамгершілік қасиеттерді, тұлғалық сапаларды тәрбиелеуді көздейді. Адамдардың мінез-құлқының әртүрлі болатындығын, сондықтан тәрбиеге дербес тұрғыдан келу қажеттілігін ғұлама өз дәуірінде көре білген. Дербестіктің қайнар көздері туа біткен ерекшеліктер, бала дамуы жүретін орта және баланың өзіндік ұстанымы екендігін анықтаған. «Кіші аласы ішінде, мал аласы тысында, сыртында», «Бес бармақ тұзу емес» – деген мақалдарды келтіре отырып, тәрбиеге әртүрлі тұрғыдан келу керектігін көрсетеді, яғни бұл жерде тәрбие әдістерін барлық адамға бірдей қолдануға болмайтындығы, оларды адамның бойындағы мінез-құлқына сай таңдап алу қажеттілігіне көңіл аударады.

М. Қашқари жеке тұлғаны қалыптастыру көзі дүниені танып-білу екендігін де көрсете отырып, дүниетаным жеке тұлғаның өмірлік ұстанымын, жалпы бағыттылығы мен мақсаттылығын айқындап қана қоймайды, ол адамның бүкіл бет-бейнесінен, мінез-құлқы мен іс-әрекетінен айқын аңғарылып тұратынын анықтайды. «Білікті, дана адамдарды тап, соларға еріп, еліктеп, жақын жүріп, олардан өнеге көр, ұқсап бақ» – деп жастарға бағыт береді. Бұл тұрғыда М. Қашқаридың педагогикалық идеяларын зерттеген ғалым К.М. Қалиева былай дейді: «Сөздікте» дүниені танып білудің мүмкіндігі жөнінде айтылған ойлар аса жекілікті. Қашқарлық автордың білім ойлау құралы, оның табиғат пен қоғам дамуы заңдылықтары көрініс тапқан фактілер, заңдар мен ұғымдарды жүйелілікпен меңгерудің қорытындысы деп кең мағынада түсінуіне заманының өзімен тұстас және одан бұрын өткен Әбу Нәсір әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан Бируни, Жүсіп Баласағұни секілді есімдері ерте ғасыр әлеміне танымал болған энциклопедист ғалымдардың ықпалы болғаны байқалады.

М. Қашқаридың кемеңгерлігінің өзі оның түрік тілін зерттеуінде болып отыр. Ғұлама тұңғыш түрік тілінің оқулығын жасай отырып, тек тіл ғылымының қалыптасуы мен дамуына ғана емес, тілді жеке тұлғаны тәрбиелеу құралы ретінде пайдаланып, педагогика ғылымының да негізін салуға өзіндік үлес қосты.

Тәрбиеге анықтама бере келіп, Әл-Фараби: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді» деп жазды.

Тәрбие мәселесін Әл-Фараби осындай кең мағынада түсіне отырып, тәрбиенің жалпы халықтар мен қала тұрғындарының өмірінде алатын, атқаратын орнын жоғары бағалайды. Дұрыс тәрбие берілмеген халықтар мен қала тұрғындары "надан" халықтар немесе қала

тұрғындары (қоғам өкілдері дегені) деп аталады.

Абайдың қара сөздері кім үшін болса да, тәрбиелік мәні зор. Абай туралы Ұлы ақынның еңбектері арқылы адамгершілік, адалдық, ізгілік, еңбекқорлық сияқты асыл қасиеттерді сіңіру, ғылым-білімді меңгерген көкірегі ояу толық адам тұлғасын тәрбиелеу.

Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі, көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екінші, сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғыну керек. Үшінші, сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші, ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер».

Ыбырай Алтынсарин: «Тәрбие тек адамның санасын өзгертіп қана қоймайды, оған белгілі көлемде мағлұмат та береді, еңбексіз қадір, бақыт та болмайтынын сезініп, еңбегіне елеулі құштарлықпен туғызу керек», - деген.

Ыбырай Алтынсариннің көзқарастарынан бүкіл әлемдік тәлім-тәрбиенің алатын дінгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз.

Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) – ақын, жазушы, драматург, сыншы, публицист, аудармашы, психолог, педагог. 1924 жылы «Тәрбиеге жетекші» деген педагогикалық еңбек жазып, қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбиесіндегі келеңсіз жағдайларды ашып көрсетті де, тәрбие ісінде баланы ынталандыру тәсілдерін ұсынды. Баланы шыншылдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу үшін, оған талап қоя білу, қойған талаптың орындалуын қадағалау, баланың ішкі дүниесіне терең үніліп, оны арман-тілегіне қарай демеуші тәсілдерді уағыздады. Оның пікірінше, тәрбие адамдардың жағымды қасиеттерін дамытып, мінезді қалыптастырады. Ол рухани және дене тәрбиесіне үлкен мән берді. Оның дәлелдеуінше, тәрбиенің ықпал ету күші жағдайларға және факторларға байланысты: мектеп, тәрбиеші, орта, баланың құндылық бағыттылығы, оның діні т.б. Ж. Аймауытовтың дидактикалық көзқарастары оның «Тәрбиешілерге арналған құ-

ралдар» атты еңбегінде көрнісін табады. Онда дидактика ұғымына ғылыми тұрғыда анықтама беріледі. Адамның кісілігін қалыптастыратын тәрбие екендігіне тоқталған.

Ахмет Байтұрсыновтың ез тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен масат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз боп» тұрғанда, оқу-білімнен кенде қараңғы қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі ғана емес, бірегейі Ахмет Байтұрсынов еді. Ағартушылық ісі сол кезеңдегі қазақтың әлеуметтік тіршілігінде ең қажет, ең игілікті әрекет болатын.

А. Байтұрсынов оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті деп санаған. Ол 1911 жылдың өзінде:

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,  
Сап-сары аяқтары ұзын маса.  
Өзіне біткен түрі өзгерілмес,  
Дегенмен қара я қызыл маса.  
Үстіне ұйықтағанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша.  
Ұйқысын анда-санда бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызындаса, – деп, білім-ғылымнан кенже қалған, мал бағып марғау жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан маса болып ызындап оятып, алып шығуды күрес жолының мақсаты етіп қояды.

Бұл мақсатын өлеңдерінде де, публицистикалық мақалаларында да бейнелі тілмен жақсы білдіреді: «надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанмыз, ордалы жерде орыннан қағылғанмыз, жоралы жерде жолдан қағылғанмыз, бәрі надандық кесапаты» деп тіпті батыра айтады ұлы ақын.

Оның қазақтар үшін өз алфавитін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп оқулықтар жазуына да, тыңнан жол салып, бай терминология дүниесін жасауына да, тіпті қоғамдық – әкімшілік істеріне араласуына да алып келген – өзі міндеттеген ағартушылық мақсаты деуге болады.

Мағжан Жұмабаев: Жан тәрбиесіне (сезіну, әсерлену, еске түсіру, салыстыру, елестету, ұғыну, қиялдау, ой қорыту, сөйлеу) жан-жақты терең талдау жасалынып, ғылыми тұжырымдар айтылған. Жанды тәрбиелеу үшін Мағжан жан көрністерін үш топқа бөледі: сезу, білу, қайрат. Ол «жан тұрмысында бұл үш таптың арасында берік байлам бар» деп көрсетті. «Сол ақыл, ішкі сезім, қайрат үшеуін бірдей, тең тәрбие қылу- тәрбиешінің міндеті.

Бір адамның осы үш тап көрністері тең болмай, біреуі таразыны басып, билеп кетсе, ол адам бақытты болмақ емес».

Мағжан бала тәрбиесінде қиялдың алатын орны зор екенін дәлелдеп: «Қиял-өмірдің гүлі, көрікті болуын, қиялсыз адам-тұсаулы есек. Қиял ақылды кеңейтеді» – дейді. «Бала санасы қиялмен оянады, бала ертегінің бәрі шын деп ұғады, баланың қиялы әсіресе ойында жарыққа шығады» деп, ұстаз бала қиялын ұшқырлайтын қызықты ертегілерді, ойындарды, ойыншықтарды тәрбие ісіне пайдаланудың жолдарын көрсетеді.

Педагог еңбектерінде отбасы тәрбиесінде көтеріледі. Оның пікірінше, ата-аналардың жоғары моралдық сапалары, баланың жеке басын сыйлау, отбасының қолайлы жағдайлары балаларды тәрбиелеуде Ол Еуропа, Батыс жақтан шыққан халықтарының тәрбиеге көзқарасын қазақ халқының тәрбие туралы ой-пікірімен тоғыстырады. Мысалы, «бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» – иран мәтелі, «балаңды өзімдей бол деп үйретпе, өзімдей болма деп үйрет» – араб мәтелі т.б. қолданған. Жұмабаев тәрбиенің мақсаты «адамды, сол адамның ұлтын, бүкіл адамзат қауымын бақытты ету» дей отырып, жеке адамның бақытын ұлт, одан қалса, бүкіл адамзаттың бақытты болуымен байланыстырады. Ол адам баласының тәрбиеге мұқтаждығын айта келе, "бала тәрбиесі бір өнер, сондықтан ол жеке ғылым болуды тілейді. Мағжан Жұмабаев оқу-тәрбие үрдісіндегі педагог рөліне үлкен мән берді. Ол тәрбиешілерге ерекше талап қойды: балаға деген сүйіспеншілік, терең адамгершілік, кәсібилік.

Педагог-ғалым бала тәрбиесіндегі, әсіресе қыз баланы тәрбиелеуде, ана рөлінің зор екендігін айтады. Өйткені бала анаға жақын тұрады. Шешесі үйде баланың көзінше не істесе, қалай қимылдап, қалай сөз сөйлесе, ертең ұшқанда баласы әсіресе, қыз бала соны істейді. Сол себепті ананың балаларының алдында әдепті, мәдениетті болуын меңзейді. Баланың маңайындағы адамдардың жүрісі-тұрыстары да әдепті, сұлу болуға тиісті.

Ш. Уалихановтың оқу – ағарту қажеттігі туралы оны, ғылым халықты дамытатынын, олардан оқу тәрбиесіндегі маңызды жол ұрпақ тәрбиесінің бастауы екендігін дәлелдеуі, оның прогрессивтік көзқарастарының ерекшеліктерін көрсете отырып, Қазақстандағы қоғамдық ойдың дамуына айтарлықтай әсер ететінін дә-

лелдейді. Ғалымның Шығыс, Батыс халықтарының көптеген тілдерін білуі әр түрлі қайнар көздерге сүйене отырып, көне жазбаларды, жылнамаларды салыстыра зерттеуге, тарихи шындықты ашуға мүмкіндігін туғызады

Халықтың тәлім тәрбиесінің ғылыми педагогикадан айырмашылығы оның тәжірибелік бағытта екендігіне, сонда халық тәрбиесі дегеніміз – ең алдымен жанұядағы тәрбие тәжірибесі болғанына күмән жоқ.

Ақын ағартушы Шәкәрімнің көзқарастары қыр халқының жас ұрпақты өсірумен оқытып, тәрбиелеудегі талаптарына сүйеніп негізделген.

Туған жұрттың өсіп-өнуін армандаған, келешек ұрпақты тәрбиелеу тәсілімен іздеген, жеке тұлғалардың жан-жақты қамқорлық жасауды көздеген Шәкәрім өзі шыққан отбасының атасы Құнанабайдың тәлімі тәжірибесін үлгі тұтты. Фольклор арқылы ақын қыз беле мен ұл бала тәрбиесіндегі ата-ана ролін, әкешеге деген балалардың сүйіспеншілігі, әйелге деген қамқорлықты, адам өмірінің құндылығы мен маңызын тапты. Ауыз әдебиетінде қазақ халқының қоғамдық өмірін қалыптастырудағы, елді бірлікке, жұртшылықты адалдыққа, адамгершілікке баулудағы әсері туралы ол әңгіме етіп тұратын. Шәкәрім таза ұлттық ортадан шығып, дала педагогикасы объектісі болып, ұлттық рухтағы тәлімді өз басынан өткізген кезі келгенде ұлттық пен жалпы адамдық педагогиканың субъектісі мен зерттеулеріне айналды.

Ол баланы тәрбиелеуде жалпы адамзаттық мақсат-мүдделерді алға тартып, тәлім-тәрбие ғылымының әлемдік мәніне зор көңіл бөлді. Оның адамгершілік, еңбек, патриоттық тәрбиелерге арналған тақырыптарының тәлім-тәрбиелік мәні орасан зор.

Тәрбие дегеніміз – адамдарды қоғамдық өмірге және өнімді еңбекке дайындау мақсатын көздеп, жаңа ұрпаққа қоғамдық-тарихи тәжірибені беру процесі. Тәрбие ұғымы кең мағынада әлеуметтік қоғамдағы құбылыс ретінде барлық тәрбие салаларын, атап айтсақ: отбасы, мектепке дейінгі мекеме, оқу тәрбие орындары, еңбек ұжымы, ақпарат құралдары, баспа орындарын қамтиды. Біздің мемлекетте бұл салалар қоғамдық, мемлекеттік мақсатқа қызмет етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 К. Бержанов, С. Мусин. Педагогика тарихы. – А., 1984.
- 2 Әбиев Ж. Педагогика тарихы. – А., 2006.
- 3 Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – А, 1994.
- 4 Жұмабаев М. Бастауыш мектепте ана тілі. – А., 1989.

#### *Резюме*

*В статье приводится мнение известных казахских просветителей о воспитании.*

#### *Conclusion*

*In this article is explained the opinion of the Kazakh famous educators about the upbringing.*